

Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының жаппай көбеюі мен таралуының алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі республикалық бағдарлама туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 мамырдағы N 772 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 288 қаулысымен.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының жаппай көбеюі мен таралуының алдын алу және оларға қарсы күресті жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының жаппай көбеюі мен таралуының алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі республикалық бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайын республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде Бағдарламаны іске асыру үшін **қ а р а ж а т к ө з д е с і н .**

3. Министрліктер мен ведомстволар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақытылы **о р ы н д а л у ы н қ а м т а м а с ы з е т с і н .**

4. Бағдарламаның орындалуының қамтамасыз етілуін бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 22 мамырдағы
N 772 қаулысымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының жаппай көбеюі мен таралуының алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі республикалық бағдарлама

1. Кіріспе

Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының жаппай көбеюі мен таралуының алдын алу және оларға қарсы

күрес жөніндегі республикалық бағдарламаны (бұдан әрі - Бағдарлама) мүдделі министрліктер мен агенттіктердің қатысуымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1183 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі әзірледі.

2. Проблеманың жай-күйіне талдау жасау

Қазақстанның аумағында ауыл шаруашылығы өндірісіне нұқсан келтіретін көптеген зиянды организмдер таралған. Әртүрлі аймақтарда ауыл шаруашылығы дақылдарына зиянкестердің 50-ге жуық көп қоректі түрлері мен 100-ден астам маманданған түрлері, 70-тен астам аурулардың түрлері мен арамшөптердің 300 түрі зиян келтіреді. Республикада шегіртке, астық сұр көбелегі, бақашық-қандала сияқты қауіпті зиянкестердің ірі ошақтары бар, мезгіл-мезгіл шалғындық көбелектің, колорадо қоңызының жаппай таралуы және дәнді дақылдардың тат ауруларының эпифитотиялары байқалуда.

Соңғы жылдары егістік алаңдары құрылымының барлық жерде өзгеруі және оңтайландырылуы, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологиясының сақталмауы, бос қалған жерлер көлемінің артуы, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау іс-шараларының бүкіл кешенінің орындалмауы, ауа райы-климаттық жағдайларының зиянды организмдердің дамуы мен таралуы үшін қолайлы болуы қабаттасып, нәтижесінде республиканың аумағында өте күрделі фитосанитариялық жағдай қалыптасты.

"Агроөнеркәсіп кешенінің салаларын несиелендіру және мемлекеттік іс-шараларды қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын, аса қауіпті өсімдік зиянкестері мен аурулары таралған ауыл шаруашылығы дақылдарының алқаптары мен жерлер көлемінің күрт артуы байқалуда.

Неғұрлым зор зиянкестігімен ерекшеленетін шегірткелік жәндіктердің көптеген түрлері: марокко шегірткесі, азиялық (ұшып келетін) шегіртке, италия прусы және кейбір үйірлі емес түрлері ерекше кең таралып отыр.

Осылайша, егер 1995 жылы шегірткелердің зиянкестігі экономикалық шегінен артық таралуы алқабы 1 млн. гектарға жуықтаса, 1999 жылы - 4,7 млн. гектар болды.

1999 жылы шегірткелердің жаппай көбеюі мен таралуының салдарынан республикада 220 мың гектарға жуық алқаптағы ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігі зақымданды.

Зерттеулердің деректері бойынша қазіргі уақытта шегірткелер таралған алқаптың көлемі 12,0 млн.гектарды, оның ішінде зиянкестіктің экономикалық шегінен артық таралғаны, 2000 жылы оларға қарсы химиялық күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажет - 5,7 млн.гектарды құрайды.

Дәнді дақылдардың астық сұр көбелегі, бақашық-қандала, гессен шыбыны, бидай трипсі сияқты және басқа да зиянкестердің таралуы мен зиянкестігі артып отыр. Жаппай көбейген жылдары гессен шыбыны бір гектардың 3,5 центнерге дейін егінін құртады. Бақашық-қандала көп таралған алқаптарда да егін өнімдігі төмендейді, сонымен бір мезгілде астықтың, әсіресе бидайдың қатты және күшті сорттарының технологиялық және нан пісіру сапасы нашарлайды.

Республикада кездесетін тат ауруларының үш түрінің (сабақ таты, қоңыр тат, сары тат) неғұрлым басым жүретіні қоңыр тат ауруы болып табылады. Кейбір жылдары ол солтүстік аймақта 1,5-2 млн.гектарға дейінгі алқапқа таралады және жаздық бидайдың егінін 15-20% дейін кемітеді. Неғұрлым зор зиянкестігімен ерекшеленетін сабақ таты қоңыр татқа қарағанда едәуір сирек кездеседі.

Бидай егістіктерінде жапырақтардың мезгілсіз қурауын, өсімдіктің вегетациялану мерзімдерінің қысқаруын, сондай-ақ дәннің уақ болуына әсер ететін септориозды-гельминтоспориозды дақтылық кең тараған.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің ауыр қаржы жағдайына байланысты ауыл шаруашылығы дақылдарының егістіктерінде зиянкестерге, ауруларға және арамшөптерге қарсы қорғау іс-шаралары толық көлемде жеткілікті жүргізілмейді.

Қажетті шаралар қолданылмаған жағдайда, ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестерімен және ауруларымен зақымданған алқаптардың көлемі одан әрі ұлғаюы тенденциясы орын алуда, мұның өзі, елдің экономикасына елеулі залал келтіретін нақты қауіп туғызады.

3. Бағдарламаның мақсаты

Бағдарламаның мақсаты - ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының жаппай көбеюі мен таралуының алдын алу және оларға қарсы күрес, олардың залалын болдырмау және республиканың аумағында қолайлы фитосанитариялық жағдай қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай негізгі міндеттерді: ауыл шаруашылығы дақылдары мен алқаптарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының туындауы, дамуы және таралу ошақтарын анықтау; қалыптасқан фитосанитариялық жағдайды ескере отырып, қорғау іс-шараларының көлемі мен өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдаланудың тәртібін белгілеу;

аса қауіпті зиянкестер мен ауруларға қарсы күресуге арналған өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарының, сондай-ақ оларды қолдануға арналған механикаландырылған құралдарының жылдық және келешектегі қажеттілігін анықтау;

өсімдіктердің аса қауіпті зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі

іс-шараларды мемлекеттік қаржыландыру туралы ұсыныстар әзірлеу қаражатты қалыптасқан фитосанитариялық жағдайды ескере отырып бөлу және олардың мақсатты пайдаланылуын бақылау;

қоршаған ортаны қорғау, пестицидтерді ұтымды және қауіпсіз қолдану агротехникалық және басқа да әдістерді кеңінен пайдалану талаптарына сәйкес өсімдіктердің аса қауіпті зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі толық ауқымды және орталықтандырылған іс-шараларды уақтылы жүргізуді ұйымдастыру;

ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізудің сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруды шешу көзделеді.

4. Ұзақ мерзімді іс-шаралар

Нормативтік құқықтық база құру

Бүгінгі күні республикада өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін жеткілікті нормативтік құқықтық базаның болмауы өсімдіктерді қорғау қызметіне жүктелген міндеттер мен функциялардың толық орындалуына белгілі бір қиындықтар туғызуда.

Меншіктің түрлі нысанындағы агроқұрылымдар қаржы қаражатының шектеулілігі салдарынан өсімдіктердің зиянкестеріне, ауруларына және арамшөптерге қарсы күрес жөніндегі міндетті іс-шаралардың ең аз мөлшерін де жүргізбейді немесе оларды пестицидтерді қолданудың мерзімін, технологиясын және регламентін бұза отырып, сондай-ақ сапасыз пестицидтерді қолдану арқылы жүргізеді, сөйтіп олардың саны мен таралу алқаптарының ұлғаюына әсер етеді.

Тұтынушыларға сапасыз, тіркелмеген, қолдануға тыйым салынған пестицидтерді жеткізу, сақтау мен сатудың шарттарын бұзу жағдайлары орын алып отыр, соның салдарынан елдің экологиялық қауіпсіздігі бұзылуда.

Осыған байланысты, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мүдделерін қорғау, сондай-ақ мемлекеттік іс-шаралардың орындалуын бақылауды күшейту мақсатында, шетелдермен тең құқықты ынтымақтастық жасау үшін құқықтық негіз жасайтын және мемлекеттік органдардың, пестицидтерді өндірушілер мен жеткізушілер, өсімдіктерді қорғау жөніндегі жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындаушылардың, жерді пайдаланушылар мен жер иеленушілердің арасындағы қатынастарды реттейтін "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу және қабылдау қажет.

Кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Өсімдіктерді қорғаудың проблемаларын шешу экономиканың кез-келген саласындағы сияқты кадрларға, олардың біліктілік деңгейіне, сондай-ақ қызметтің техникалық жарақталуына байланысты. Өкінішке орай, соңғы

жылдары, кадрлардың көптен кетуі байқалып отыр, өсімдіктерді қорғау жөніндегі қызметтің штат саны қысқаруда. Қызметті қайта ұйымдастырудың нәтижесінде ауыл тауар өндірушілеріне тікелей қызмет көрсететін, қажетті аспаптармен, жабдықтармен және техникамен жарақтандырылмаған аудандық б у ы н д а р ә л с і р е д і .

Тауар өндірушілердің қаржылық жағдайы қазіргі уақытта оларға пестицидтер мен өсімдіктерді зиянкестерден, аурулардан және арамшөптерден қорғау жөніндегі қызмет көрсетулерді сатып алуға мүмкіндік бермейді. Осының бәрі фитосанитариялық жағдайдың едәуір нашарлауына және зиянды организмдердің дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалуына әкеп соқтырды.

Республикадағы фитосанитариялық жағдайды жақсарту үшін барлық деңгейдегі өсімдіктерді қорғау қызметінің құрылымын жетілдіру, қызметтің жұмысы үшін қажетті жағдай жасау, семинарлар мен Егіс алқабы күндерін тұрақты өткізу арқылы фермерлердің білімін көтеру қажет.

Осы іс-шараларды жүзеге асыру республиканың барлық аумағында зиянды организмдердің дамуының тұрақты мониторингін жүргізуге, зиянкестердің, аурулардың және арамшөптердің таралуы жөнінде неғұрлым дұрыс болжамдар әзірлеуге, деректердің ақпараттық базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

Өсімдіктерді қорғаудың техникасын, технологиясын және әдістерін жетілдіру республиканың әр аймағының табиғи-климаттық және экономикалық жағдайының ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Мұның өзі, өсімдіктер мен топырақтың климатпен үйлесімді зиянды организмдердің түрлік құрамын айқындайтындығына, ал соңғыларының зиянкестілігі мен агрессивтілігі өмір сүру ортасының жағдайымен айқындалатындығына байланысты. Бұдан басқа, зиянкестердің, аурулардың және арамшөптердің дамуы егіншілік жүйесіне ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаның факторларына, әсіресе, ауаның температурасы мен ылғалдығына байланысты. Осыған орай, әр зиянкестің, ауру қоздырушының, және арамшөптің экологиясының ерекшеліктерін зерделеу қажеттілігі туындайды. Атап айтқанда, дәнді дақылдардың тат ауруларының жедел фитосанитариялық диагностикасы мен дамуын болжау үшін егістіктерге қ о с ы м ш а з е р т т е у жү р г і з у қ а ж е т .

Ауыл шаруашылығы министрлігі өсімдіктерді қорғаудың өзекті проблемалары бойынша ғылыми зерттеулерді тиімді жүргізу үшін конкурстық негізде "Ауыл шаруашылығы, су шаруашылығы (су кадастрын әзірлеу), орман шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданбалы зерттеулер" бағдарламасы бойынша қаржыландырылатын ғылыми жұмыстарды о р ы н д а у ш ы л а р д ы а й қ ы н д а й д ы .

Зерттеулердің нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар мен проспектілер

шығарылып, ауыл тауар өндірушілеріне нақты консультациялық көмек көрсетілуі тиіс.

Пестицидтердің отандық өндірісін дамыту

Қазақстанда өз пестицидтер өндірісінің болмауына байланысты, олардың импорты жеткізуде қиындықтар туғызуда және химиялық өңдеулер құнының қымбаттауына әкеп соқтырады. Осыған байланысты, олардың құнын төмендетуге, сондай-ақ оларды неғұрлым оңтайлы мерзімдерде шығаруды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, оларды кейін республиканың қолда бар өндірістік қуаттарында одан әрі формуляциялау арқылы пестицидтердің жекелеген түрлерінің тек әсер етуші заттарының импортынан бастау қажет болатын, пестицидтердің отандық өндірісін қалыпқа келтіру маңызды міндет болып табылады.

Келесі кезең республика ғылыми мекемелерінің жаңа пестицидтердің синтезін жолға қою және отандық кәсіпорындарда оларды өндіруді ұйымдастыру болып табылады.

Пестицидтерді қолдануға арналған арнайы аппаратураны пайдалану

Қорғау жұмыстарын жүргізудің экономикалық, биологиялық тиімділігі мен экологиялық қауіпсіздігі көптеген факторларға, бірінші кезекте - мақсатты объектіні препараттардың қажетті көлемімен барынша жабуға, олардың тамшыларының мөлшеріне, жұмыс істеу сұйықтарын қоспаландыру, жұмсаудың нормасына және т.б. қатысты.

Өсімдіктерді қорғау құралдарын қолданудың көрсетілген шарттарын қамтамасыз ету, көп ретте, пайдаланылатын аппаратурамен айқындалады. Республикада бар бүріккіштердің паркі моральдық және физикалық жағынан ескірді, осыған байланысты өсімдіктерді қорғау құралдарын қолданудың агротехникалық және экологиялық регламенттері сақталмайды.

Сондықтан, республикада пестицидтерді қолдану бойынша арнайы аппаратураны пайдалану жөнінде қағидатты ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыру қажет. Осы мақсатта, ауыл тауар өндірушілерін препараттардың жұмсалу нормаларын қысқартуға, қорғау іс-шараларының көлемін арттыруға, зиянды химиялық заттардың қоршаған ортаға түсу деңгейін азайтуға мүмкіндік беретін пестицидтерді енгізуге арналған неғұрлым жетілдірілген арнайы аппаратурамен жаратандыруға жәрдемдесу қажет.

5. Жедел іс-шаралар

Ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестеріне және ауруларына қарсы күрес жөніндегі жедел іс-шаралар өзінің мазмұны бойынша бірдей, бірақ оларды жүргізудің мерзімдерімен ғана ерекшеленетін жұмыстарды жыл сайын орындауды көздейді.

Мониторингтік зерттеулерді жүргізу

Мониторингтік зерттеулер ауыл шаруашылығы дақылдары мен алқаптарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының көбею және таралу ошақтарын анықтау, олардың дамуы мен таралуының ғылыми негізделген қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдарын жасау, қорғау іс-шараларын жүргізудің көлемдерін айқындау мақсатында жүргізіледі. Олар зерттеудің арнайы әдістемелеріне сәйкес зиянкестер мен аурулардың дамуының бүкіл фенологиялық кезеңі бойы жүргізіледі.

Осылайша, шегірткелер бойынша фенологиялық байқау:

- көктемгі кезеңде - өміршеңдігін айқындау үшін;
- көктемгі-жазғы кезеңде - пайда болған личинкалар бойынша;
- жазғы-күзгі кезеңде - жұптасу және жұмыртқа салу кезеңінде;
- күзгі кезеңде - салынған күбіршелер (кубышка) бойынша жүргізіледі.

Мониторингтік зерттеулерді республиканың жұмыстарды жүргізу үшін қажетті арнайы техникасы мен жабдықтары бар ғылыми-зерттеу және өндірістік мекемелерін тарту арқылы өсімдіктерді қорғау қызметінің мамандары жүргізеді.

Өсімдіктерді қорғау құралдарымен қамтамасыз ету

Химиялық күрес жүргізу үшін Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және 1997-2001 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ауыл, орман шаруашылықтарында қолдану үшін рұқсат етілген, өсімдіктердің зиянкестеріне, ауруларына және арамшөптерге қарсы күресудің химиялық, және биологиялық құралдарының, дефолианттардың және өсімдіктердің өсуін реттегіштердің тізіміне және оған жасалған толықтыруларға енгізілген өсімдіктерді қорғау құралдары пайдаланылады.

Ауыл шаруашылығы министрлігі пестицидтердің көлемі мен ассортиментін айқындау үшін ағымдағы жылға бөлінген қаржы қаражаты көлемін ескеріп, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес қаңтар-ақпан айларында оларды сатып алуға конкурс ұйымдастырады және ө т к і з е д і .

Пестицидтерді сатып алу кезінде бағалық көрсеткішінен басқа биологиялық және шаруашылықтық тиімділігі, экономикалық орындылығы мен экологиялық қауіпсіздігі, сондай-ақ аса қауіпті зиянкестер мен аурулардың резистенттік популяцияларының туындауына жол бермейтін жағдайлар ескеріледі.

Кедендік рәсімдерді ресімдеу, пестицидтерді сақтау және химиялық жұмыстар жүргізілетін жерлерге тасымалдау

Сатып алынатын өсімдіктерді қорғау құралдары кедендік тазартудан, мамандандырылған қоймаларда сақтаудан өткізіледі және қалыптасқан

фитосанитариялық жағдайға қарай Ауыл шаруашылығы министрлігінің бөлуі бойынша, жұмыстар жүргізілетін жерлерге улы химикаттар тасымалдауға арналған көлікпен жеткізіледі. Жұмыстардың көрсетілген түрлерін орындау жөніндегі қызмет көрсетулерді аталған жұмыстарды жүргізуде тәжірибесі, тиісті қоймалық үй-жайлары және көлік құралдары бар орындаушы фирмалар жүзеге асырады. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, бұл қызмет көрсетулерді орындаушы, жыл сайын Ауыл шаруашылығы министрлігі өткізетін конкурстардың негізінде айқындалады.

Химиялық өңдеулер жүргізу

Химиялық өңдеулер зиянкестер мен аурулар зиянкестіктің экономикалық шегінен артық таралған жерлерде жүргізіледі. Өсімдіктердің зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте арнайы аппаратура қолданылады. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі жұмыстарды орындаушы фирмалар да конкурстық негізде айқындалады. "Агроөнеркәсіптік кешеннің салаларын несиелендіру және мемлекеттік іс-шараларды қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар бірінші кезекте мемлекеттік қор жерлері мен шекаралас мемлекеттермен шектесетін аумақтарда жүргізіледі. Химиялық іс-шараларды жүргізудің көлемі жыл сайын мониторингтік зерттеулердің негізінде айқындалады (1-қосымша).

Агротехникалық іс-шаралар жүргізу

Агротехникалық іс-шаралар зиянкестер мен аурулардың орнығу (зақымдану) тығыздығын азайту мақсатында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өз күшімен және қаражатының есебінен жүргізіледі.

Шегіртке тұқымдастарға қарсы күресу үшін қолданылатын егіншілік жүйесіне, егіс айналымының сызбасына қарай күзгі және көктемгі кезеңдерде культивациялау немесе дискілеу, немесе тісті тырмалармен тырмалау жүргізіледі. Бұдан басқа, күзде сүдігерлік өңдеу жүргізуге болады.

Агротехникалық іс-шараларды жүргізудің көлемі де жазғы-күзгі кезеңдерде жүргізілетін зерттеулердің негізінде айқындалады (1-қосымша).

6. Қаржыландыру көздері

Көрсетілген зиянкестер мен аурулардың жаппай таралғыштығы және қауіптілігіне орай бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету, жыл сайын республикалық бюджетте аталған мақсаттарға көзделетін қаржының есебінен жүзеге асырылады. Туындаған қауіптің ауқымына қарай күрес жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен де жүргізілуі тиіс.

Бұдан басқа, бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі жағдайында Бағдарламаны іске асыруға егіндердің иелерін тарту (келісім бойынша) орынды

б о л а р

е д і .

Бағдарламаны орындау үшін халықаралық ұйымдардың тарапынан ізгілік көмектерін, халықаралық қаржы институттарының технологиялық және консультативтік көмектер желісі бойынша мақсатты заемдары мен қаржылық ресурстарын да тарту қажет.

7. Іске асыру тетігі

Бағдарламада ауыл шаруашылығы дақылдары мен алқаптарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың жоспарын (2-қосымша) жыл сайын кезең-кезеңімен орындау көзделген .

Бағдарлама ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысатын барлық орталық және аймақтық деңгейдегі құрылымдардың мүдделері мен мүмкіндіктерін барынша тұтастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны тиімді және нысаналы түрде іске асыру мақсатында атқарушы өкіметтің орталық және аймақтық органдарының қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктеледі.

Бағдарламаның орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп тапсырады.

8. Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру :

аса қауіпті зиянкестер мен аурулардың таралу көлемінің одан әрі ұлғаюының алдын алуға және олардың санын табиғаттағы қалыпты таралу деңгейіне дейін жеткізуге ;

аса қауіпті зиянкестер мен аурулардан залалды шаруашылыққа әсері тимейтін деңгейге дейін төмендетуге ;

республика аумағында қолайлы фитосанитариялық жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының жаппай көбеюі мен таралуының алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі республикалық бағдарламаға

1-қосымша

2000 жылы шегірткелерге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізудің

болжалды көлемі

мың. га

Облыстың атауы	!Зерттелгені!	Тарал.	!	Жұмыс	!	Оның ішінде
	!	!	ғаны	!	көлемі	!-----

	!	!	!	! химиялық!	! агротехни.
	!	!	! әдіс	! калық әдіс*	
Ақмола	2929,7	2094,5	1153,7	853,7	300,0
Ақтөбе	683,0	401,0	136,0	136,0	136,0
Алматы	646,8	455,0	333,0	333,0	333,0
Атырау	632,3	424,8	296,1	296,1	296,1
Шығыс Қазақстан	861,9	669,5	550,0	450,0	100,0
Жамбыл	655,9	365,9	141,1	141,1	141,1
Батыс Қазақстан	1980,3	1121,7	795,0	785,0	10,0
Қарағанды	646,6	439,7	388,0	388,0	388,0
Қостанай	3384,2	1528,5	700,0	600,0	100,0
Қызылорда	306,8	167,1	129,2	129,2	129,2
Маңғыстау	110,0	60,0	12,0	12,0	12,0
Павлодар	3124,0	2807,0	1046,0	835,0	211,0
Солтүстік	1121,4	1314,7	860,0	600,0	260,0
Қ а з а қ с т а н					
Оңтүстік	1036,0	194,0	160,0	160,0	160,0
Қ а з а қ с т а н					
Астана қаласы	25,0	18,3	18,3	18,3	18,3
Жиынтығы:	18143,9	12061,7	6718,3	5737,4	981,0

* Агротехникалық іс-шаралар 1999 жылдың күзгі кезеңінде өткізілді.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының жаппай көбеюі мен таралуының алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі республикалық бағдарламаға
2-қосымша

Ауыл шаруашылығы дақылдары мен алқаптарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың жоспары

р/с!	Іс-шара атауы	! Орындалу !	Орындалуына
N !		! мерзімі !	жауаптылар

Ұзақ мерзімді іс-шаралар

1	"Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының	2001 жылы жобасын	Ауылшармині әзірлеу
---	---	-------------------	---------------------

	және Қазақстан Үкіметіне	Қазақстан қарауға	Республикасының енгізу
2	Өсімдіктерді қорғау қызметінің құрылымын жетілдіру және	Тұрақты материалдық-техникалық	Ауылшармині
		б а з а с ы н	н ы ғ а й т у
3	Өсімдіктерді қорғаудың өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу	Тұрақты	Ауылшармині, Білімғылыммині
4	Пестицидтердің отандық өндірісі мен формуляциясын дамытуға жәрдем көрсету	Тұрақты	Ауылшармині, Энергоиндуст. с а у д а м и н і
5	Ауыл тауар өндірушілерінің пестицидтерді қолдануға арналған қазіргі заманғы арнайы аппаратурамен жарактандырылуына	Тұрақты	Ауылшармині, облыстардың әкімдері
		ж ә р д е м	к ө р с е т у

Ж е д е л і с - ш а р а л а р

6	Алдағы жылы көбею ошақтарын анықтауға арналған жазғы-күзгі зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру	Жыл сайын тамыз-қыркүйек	Ауылшармині, Білімғылыммині, облыстардың ә к і м д е р і
7	Алдағы жылы өсімдіктердің аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының дамуы мен таралуының нақтыланып, ғылыми негізделген болжамдарын	Жыл сайын қазан-	Ауылшармині, Білімғылыммині қараша ж а с а у
8	Аса қауіпті зиянкестер мен ауруларға қарсы күресу үшін ұйымдарының қаражаттарын	Тұрақты	Ауылшармині қаржы тарту
9	Зиянкестер мен ауруларға қарсы күрес жөніндегі тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу үшін республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржылай қаражат бөлу	Жыл сайын қаңтар-ақпан	Қаржымині, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың ә к і м д е р і
10	Зиянкестер мен ауруларға қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізуге байланысты пестицидтерді, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді	Жыл сайын қаңтар-ақпан	Ауылшармині, облыстардың әкімдері
		және қызмет көрсетулерді	сатып алуға
		к о н к у р с	ө т к і з у

- | | | |
|---|--------------------------|---|
| 11 Көктемгі-жазғы және жазғы-күзгі мониторингтік зерттеулерді жүргізуге, пестицидтерді сатып алуға, кедендік рәсімдерді ресімдеуге, сақтауға, тасымалдауға және іс-шараларды жүргізу жөніндегі көрсетулерді орындауға | Жыл сайын ақпан-наурыз | Ауылшармині, облыстардың әкімдері пестицидтерді және іс-қызмет шарттар жасасу |
| 12 Көктемгі-жазғы мониторингтік зерттеулерді жүргізуді және аса қауіпті зиянкестер мен аурулардың жаппай көбею ошақтарын анықтауды ұйымдастыру | Жыл сайын сәуір-маусым | Ауылшармині, облыстардың, Астана және Алматы |
| 13 Көктемгі агротехникалық іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру | Жыл сайын наурыз-сәуір | Ауылшармині, облыстардың әкімдері |
| 14 Шегіртке тұқымдастар мен басқа да зиянкестерге қарсы күрес жөніндегі химиялық жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру | Жыл сайын сәуір-тамыз | Ауылшармині, облыстардың, Астана және Алматы |
| 15 Дәнді дақылдардың ауруларына қарсы күрес жөніндегі химиялық жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру | Жыл сайын шілде-тамыз | Ауылшармині, облыстардың әкімдері |
| 16 Күзгі агротехникалық іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру | Жыл сайын қыркүйек-қазан | Ауылшармині, облыстардың әкімдері |